

2009 жылғы 1 шілдедегі сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы


Сақтандыру сыйлықақылары

6 айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осындай кезеңінде жиналған көлемінен 26,9%-ға аз болып, 56 016,3¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.07.2008ж.		1.07.2009ж.		млн. теңге 1.07.2008 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	76 679,5	100,0	56 016,3	100,0	-26,9
Міндетті сақтандыру	12 154,9	15,9	12 997,1	23,2	6,9
Ерікті жеке сақтандыру	10 622,7	13,8	10 498,3	18,7	-1,2
Ерікті мүліктік сақтандыру	53 901,9	70,3	32 520,9	58,1	-39,7

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақы көлемі өткен жылдың ұқсас көрсеткіші 6,9%-ға өсті, ерікті жеке сақтандыру бойынша азаю 1,2% құрады, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша азаю 39,7% құрады



2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 66,2% (8 607,5 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 20,9% (2 719,6 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық

жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 3,7% (477,6 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 9,2% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 19,6% (2 054,7 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 43,9% (4 607,4 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 6,0% (627,4 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 30,5% (3 209,0 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандыруда – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 15,7% (5 114,2 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 37,0% (12 017,5 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 24,4% (7 930,6 млн. теңге) және басқалар бойынша – 22,9% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

млн. теңге


Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.07.2008ж.		1.07.2009ж.		1.07.2008 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	76 679,5	100,0	56 016,3	100,0	-26,9
Өмірді сақтандыру	2 750,1	3,6	3 836,2	6,8	39,5
Жалпы сақтандыру	73 929,4	96,4	52 180,1	93,2	-29,4

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 3 836,2 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 39,5%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2008 жылғы 1 шілдеде 3,6%-ға қарсы 6,8% болды.


"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2009 жылғы қаңтар-маусым айларында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 52 180,1 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы осындай кезеңге қарағанда 29,4% -ға аз.

Қайта сақтандыру

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 34 846,0 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 62,2%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 57,8%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 18 959,9 млн. теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 16 099,7 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.07.2008ж.		1.07.2009ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлес, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлес, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	40 686,9	53,1	34 846,0	62,2
резидент еместерге	35 139,1	45,8	32 351,1	57,8
резиденттерге	5 547,8	7,2	2 494,9	4,5
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	7 932,5	10,3	16 099,7	28,7

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрамы




Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 93,0%, міндетті сақтандыру бойынша – 6,5 %, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,5%, болды.

Сақтандыру төлемдері

2009 жылғы алты айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңімен салыстырғанда 56,6 есе төмендеп, 13 533,8¹ млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 31,1% (4 213,6 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдерінің құрамы, %-бен



¹ сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері шегеріліп көрсетіліп отыр

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	1.07.2008ж.		1.07.2009ж.		1.07.2008 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі %-бен	сомасы	үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	31 215,1	100,0	13 533,8	100,0	-56,6
Міндетті сақтандыру	3 717,7	11,9	4 126,2	30,5	11,0
Ерікті жеке сақтандыру	3 770,9	12,1	3 802,9	28,1	0,8
Ерікті мүлдіктік сақтандыру	23 726,5	76,0	5 604,7	41,4	-76,4

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 50,0% (2 061,8 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 46,1% (1 902,4 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 3,6% (149,3 млн. теңге) және басқалар бойынша - 0,3% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 73,2% (2 782,8 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 8,3% (314,2 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 16,1% (611,0 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 2,5% (95,0 млн. теңге) болды;

ерікті мүлдіктік сақтандыруда – 15,8% (886,1 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 14,5% (811,4 млн. теңге), мүлдікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 57,9% (3 247,0 млн. теңге), басқалар бойынша – 11,8% болды.

2009 жылғы алты айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің ең көп көлемі мүлдіктік сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда), төлемдердің жиынтық сомасының 24,0%-ы болды.

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокерлері және 63 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.07.2008ж.	1.07.2009ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	44	44
өмірді сақтандыру бойынша	8	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	49	63

Есепті күнге 33 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 168 440,3 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.07.2008ж.	1.07.2009ж.	1.07.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	285 954,8	304 583,3	6,5
Міндеттемелер	125 624,0	136 143,0	8,4
оның ішінде сақтандыру резервтері	105 638,5	110 601,1	4,7
басқа да міндеттемелер	19 985,5	25 541,9	27,8
Меншікті капитал (баланс бойынша)	160 330,8	168 440,3	5,1

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы 1 шілдеде 304 583,3 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 шілдедегі осындай көрсеткіштен 6,5%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	1.07.2008ж.		1.07.2009ж.		1.07.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	5 289,0	1,8	13 833,3	4,5	2,6 есе
Орналастырылған салымдар	80 774,1	28,2	64 454,7	21,2	-20,2
Бағалы қағаздар	83 823,8	29,3	109 620,1	36,0	30,8
«Кері РЕПО» операциясы	29 601,6	10,4	12 844,1	4,2	-56,6
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	22 930,6	8,0	31 539,4	10,4	37,5
Негізгі қаражат	4 466,6	1,6	4 314,6	1,4	-3,4
Қайта сақтандыру активтері	47 030,1	16,5	51 773,9	17,0	10,1
Басқа да дебиторлық берешек	7 455,1	2,6	11 560,6	3,8	55,1
Басқа активтер	4 583,9	1,6	4 642,6	1,5	1,3
Активтер жиынтығы	285 954,8	100,0	304 583,3	100,0	6,5

Міндеттемелер. 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 136 143,0 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 8,4%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 110 601,1 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 шілдедегі қалыптасқан резервтердің көлемінен 4,7% -ға көп.

Активтерді, меншікті капиталды және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңгемен



Инвестициялық портфель

млн. теңге

Инвестициялық портфель	1.07.2008ж.		1.07.2009ж.		1.07.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	14 537	7,49	30 943	16,55	2,1 есе
Екінші деңгейдегі бантердегі салымдар	80 774	41,60	64 455	34,48	-20,2
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	32	0,01	1 786	0,96	55,8 есе
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	1	0	135	0,07	135 есе
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	66 453	34,23	64 759	34,65	-2,5
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	2 725	1,40	801	0,43	-70,6
ҚР резиден емес – эмитенттерінің – мемлекеттік емес бағалы қағаздары	44	0,02	11 196	5,99	254 есе
«Кері РЕПО» операциялары	29 602	15,25	12 844	6,87	-56,6
Жиынтығы	194 168	100,0	186 919	100,00	-3,7

Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің кемігені байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 45,7% және сақтандыру төлемдерінің 33,7% келеді. Сақтандыру нарығы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 52,0% құрайды.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	1.07.2008ж.	1.07.2009ж.
Бес ірі сақтандыру компанияларының сақтандыру сыйлықақылары	51,4	45,7
Он ірі сақтандыру компанияларының сақтандыру сыйлықақылары	70,7	61,7
Бес ірі сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері	66,8	33,7
Он ірі сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері	83,8	40,7
Бес ірі сақтандыру компанияларының активтері	55,7	52,0
Бес ірі сақтандыру компанияларының меншікті капиталы	57,7	60,4

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	1.07.2008ж.	1.07.2009ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	15 046,7	16 724,1 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,51	0,33 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,07	1,01
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,90	1,82
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен ⁵	4 938	3 546

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы деректері бойынша

⁴ - 2009 жылғы қаңтар-маусым айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 01.03.2009 ж. бойынша ҚР халық саны 15 797 297 адам.